

1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1994 жылғы 27 қаңтар N 1529

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған 1994 жылға арналған республикалық бюджет қосымшаға сәйкес, кірісі бойынша 39 246 685 мың теңге сомасында, шығысы бойынша 47 058 806 мың теңге сомасында, тапшылықтың шекті мөлшері 7812 121 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

2. Былай болып белгіленсін: а/ 1994 жылға арналған республикалық бюджеттің к і р і с і :

- қосылған құнға салынатын салық;
- а к ц и з д е р ;
 - меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, соның ішінде шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық;
- ж е р с а л ы ғ ы ;
 - тіркелген /ренталық/ төлемдер;
 - бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;
 - Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік Ішкі ұтыс ұтыс заемының қазынашылық бондарын өткізуден түскен табыстар;
 - қысқа мерзімді қазыналық вексельдерді аукционда сатудан алынған табыстар;
 - мемлекеттік мүлікті өткізуден түскен түсімдер;
 - басқа да жалпыреспубликалық салықтар, алымдар мен салық салынбайтын әртүрлі т ө л е м д е р ;
 - мемлекет мұқтажына 1994 жылғы егіннің астығын және басқа да ауылшаруашылық дақылдарын сатудан түскен түсімдер;
 - сыртқы экономикалық қызметтен түсетін табыстар есебінен қалыптасады.
- б/ Сыртқы экономикалық қызметтен түсетін табыстарды қалыптастыру:
- экспорттық және импорттық баж салығы;
 - импорт бойынша сатып алынған бірінші қажеттегі тауарларды сатудан түскен түсімдер есебінен жүзеге асырылады.
- в/ Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан барлық меншік нысанындағы

кәсіпорындар, бірлестіктер мен шаруашылық жүргізуші субъектілер республикалық бюджетке кеден тарифтеріне сәйкес ұлттық валютамен экспорттық және импорттық б а ж с а л ы ғ ы н т ө л е й д і .

г/ Шетел инвесторларынан келіп түсетін бонустар, әртүрлі сыйлық төлемдері, сондай-ақ роялти Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық шоттарына есептеліп, кейіннен оны Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне сату арқылы міндетті түрде ұлттық валютаға шағылады; осы валюталық шоттарға Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен жеке тұлғалары төлейтін салықтың басқа түрлері бойынша төлем мөлшері жалпы белгіленген тәртіппен айқындалады.

3. Мына қорларға түсетін және олардан аударылатын қаражат республикалық бюджеттің кірісі құрамына ескерілсін:

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры;
- Экономиканы өзгерту қоры;
- Жол қоры;
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры;
- Табиғат қорғау қоры.

Қаржы министрлігі осы аталған қорлардың міндеттерін жүзеге асыруға байланысты шараларды қаржыландыруды оларға қаражаттың келіп түсуіне қарай, бірақ осы Жарлықта айқындалған шығыстардың шекті мөлшерінен аспайтындай көлемде жүзеге а с ы р с ы н .

Ескерту. 3-тармақтан "Әлеуметтік сақтандыру қоры" сөзі алынып тасталды - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

4. 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап меншік және шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға қаржы аудару тарифы еңбекақы қорының 30 проценті мөлшерінде бекітілсін. Мүгедектер мен зейнеткерлердің қоғамдық ұйымдары, олардың кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары мен оқу орындары, фермерлер, адвокаттар алқасы, жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға қаржы аудару тарифі 5 процент мөлшерінде б е л г і л е н с і н .

Әлеуметтік сақтандыруға аударылатын қаржының жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекітетін нормативтер бойынша Зейнетақы қоры мен Әлеуметтік сақтандыру қорының арасында бөлінеді.

Азаматтардың Зейнетақы қорына жалақының 1 проценті мөлшерінде төлейтін міндетті сақтандыру жарналары жойылсын.

5. Былай болып белгіленсін:

а/ Меншік нысандарына қарамастан шаруашылық есептегі барлық кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар /шығынмен жұмыс істейтіндерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған келісімдер мен контрактілерге сәйкес

Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалар игеру және өндіру жөнінде жұмыс істейтін, жарғылық қордағы үлесі 30 проценттен кем болмайтын шет ел қатысатын кәсіпорындардан басқасы/ Экономиканы өзгерту қорына міндетті түрде өнімнің / жұмыстың, қызметтің/ өзіндік құнының 5 проценті мөлшерінде қаржы аударып, осы аударым қаражатының сомасын өзіндік құнның құрамына енгізеді; Экономиканы өзгерту қорының қаражаты қайтарымсыз негізде, сондай-ақ қайтару шартымен инвестицияларды қаржыландыру үшін кредит ресурстары ретінде ғана қызмет етеді, бұл үшін мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті айқындайтын п р о ц е н т а л ы н а д ы .

б/ Меншік және шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бірлестікті дамыту қорына міндетті түрде пайдаға салынатын салықты төлегеннен кейін өздерінің қарамағында қалатын пайданың 1 проценті мөлшерінде қаржы аударылады.

Осы аталған қорға аударылатын жарнаның есептелуі мен төленуінің дұрыстығына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бас мемлекеттік салық инспекциясына жүктеледі.

в/ Өнеркәсіптің өндіруші салаларының кәсіпорындары, бірлестіктері мен ұйымдары Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен ставкалар негізінде Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қорына өткізілген минералдық шикізат құнының процентке шағылған мөлшерінде қаржы а у д а р а д ы .

г/ Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры шаруашылық жүргізуші субъектілер - жұмыс берушілердің еңбекақы қорының 2 проценті мөлшерінде міндетті түрде қаржы аудару есебінен қалыптастырылады. Мемлекеттік бюджетте тұратын мекемелер мен ұйымдар, колхоздар, совхоздар және меншік нысандарына қарамастан ауыл шаруашылығы өнімдерін тікелей өндіретін басқа ауылшаруашылық кәсіпорындары, мылқаулар, зағиптар мен мүгедектер қоғамдарының кәсіпорындары Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорына ж а р н а т ө л е у д е н б о с а т ы л с ы н .

Қоныс аудару шаралары бойынша жұмсалатын шығындарды қаржыландыру Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының қаржысы есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Жұмыс орындарын құру немесе жұмыс орындарын сақтау мақсатында жаңа тұрғын үй саясатына сәйкес осы аталған қор қаражатының 15 проценті тұрғын үй саласын қаржыландыруға жұмсалады.

6. 1994 жылға арналған республикалық бюджетке келіп түсетін табыстар көздері бойынша мынадай мөлшерде айқындалсын:

/ м ы ң т е ң г е /

- қосымша құнға салынатын салық	4 031 205
- акциздер	9 17 187
- меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, оның ішінде шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, пайдасына салынатын салық	5 987 538
- тіркелген /ренталық/ төлемдер	41 849
- кәсіпорындарға тиесілі бағалы қағаздардан және бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан алынатын салық	5 890
- жер салығы	3 400
- алымдар мен салық салынбайтын әртүрлі табыстар	2 10 000
- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық	2 000
- жеке тұлғалар арасында орналастырылатын Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік Ішкі ұтыс заемының қазыналық бондарын өткізуден түскен табыс	2 000
- қысқа мерзімді қазынашылық вексельдері аукционда сатудан	30 000
- мемлекеттік мүлікті өткізуден түсетін түсім	400 000
- 1994 жылғы егіннің астығын және басқа да ауылшаруашылық дақылдарын мемлекет мұқтажына сатудан түскен түсім	1 400 000
- сыртқы экономикалық қызметтен алынатын табыс	3 717 720
- Экономиканы өзгерту қоры	4 935 600
- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры	868 124
- Жол қоры	3 273 965
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры	407 160
- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры	274 806
- Зейнетақы қоры	9 477 000
- Табиғат қорғау қоры	2 231

Ескерту: 6-тармақта сөздер алынып тасталды - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

7. Республикалық бюджеттің кірісіне 1994 жылы Ұлттық банкінің пайдасынан 3 000 000 мың теңге сомасында түсетін, оның ішінде 1993 жыл үшін түсетін 500 000 мың теңге қаржы ескерілсін.

Республикалық бюджеттің кірісіне есептелуге тиіс Ұлттық банкінің таза пайдасын айқындау үшін жұмсалатын шығындарды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қаржы министрлігінің бірлесіп ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін болып белгіленсін.

8. Республикалық бюджеттің кірісінде 1992-1993 жылдар үшін ТМД елдерінің Қазақстан Республикасына мемлекеттік қарыз есебіне берілген төлемдік кредиттер проценттер төлеуінен түсетін 39 510 мың теңге көзделсін.

9. 1994 жылға жалпы республикалық мемлекеттік салықтар мен табыстардан түсетін қаражаттан облыстардың және Алматы мен Ленинск қалаларының бюджеттеріне аударылатын қаржы мынадай мөлшерде бекітілсін:

а/ қосымша құнға салынатын салық бойынша:

Алматы, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Ленинск қаласына - 100 проценттен, Ақтөбе, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарына - 70 проценттен, Ақмола және Қостанай облыстарына -50 проценттен, Маңғыстау -30 процент, Қарағанды - 15 процент, Павлодар облысы мен Алматы қаласына - 10 проценттен.

б/ меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, оның ішінде шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық бойынша : Алматы, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Торғай облыстары мен Ленинск қаласына - 100 проценттен, Оңтүстік Қазақстан - 62,4 процент, Батыс Қазақстан - 56,6 процент, Ақтөбе - 40,7 процент, Қостанай - 35,6 процент, Жамбыл - 33,7 процент, Солтүстік Қазақстан - 28,2 процент, Шығыс Қазақстан -26,3 процент, Атырау - 25,7 процент, Маңғыстау - 21,5 процент, Жезқазған - 15,8 процент, Қарағанды - 15,6 процент, Көкшетау - 15,5 процент, Ақмола - 14,6 процент, Қарағанды - 15,6 процент, Ақмола - 14,6 процент, Павлодар облысына - 2,4 процент, Алматы қаласына - 3,5 процент.

в / акциз бойынша :

Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Ленинск қаласына - 100 проценттен, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарына - 50 проценттен, Павлодар облысына - 10 процент және Алматы қаласына - 5 процент.

г/ тіркелген /ренталық/ төлемдер бойынша:

Қызылорда облысына - 100 процент, Ақтөбе және Атырау - 50 проценттен, Маңғыстау және Павлодар облыстарына - 10 проценттен.

10. Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы, мемлекеттік баж салығы, су ақысы және табиғи ресурстарға салынатын салық, орман табысы, жалпыға бірдей міндетті жергілікті салықтар мен алымдар, ставкаларын жергілікті әкімдер айқындайтын жергілікті салықтар мен алымдар, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі заемын орналастырудан түсетін түсімдер, алымдар мен салық салынбайтын әртүрлі төлемдер толығымен жергілікті бюджеттердің кірісіне есептелсін, республикалық бюджетке есептелетін жекелеген табыс түрлері бұған қосылмайды.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ұлттық банкімен бірлесіп қысқа мерзімді бағалы қағаздарды /қазынашылық вексельдерді/ орналастыру және олардың айналымға шығарылуына қызмет көрсету туралы тиісті келісімді қайта ресімдеп, 30 000 мың теңге сомасында қысқа мерзімді бағалы қағаздарды /қазынашылық вексельдерді/ аукциондарда сатуды жүзеге асырсын.

12. Кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға тиесілі акциялардан, облигациялардан және бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан, соның ішінде шетелдік қатысушыдан алынатын басқа да бағалы қағаздардан түскен табыстарға салынатын салықтан республикалық және тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне 50 проценттен қаржы аудару белгіленсін.

13. Халық шаруашылығын қаржыландыруға бөлінетін қаржы 6 758 456 мың теңге м ө л ш е р і н д е б е к і т і л с і н .

Халық шаруашылығын қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар құрамында:

а/ мемлекет мұқтажы есебіне өнімдер мен қызметтер сатып алу үшін 5 944 906 мың теңге , о н ы ң і ш і н д е :

- 1994 жылғы егіннің астық және басқа да ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу үшін 5 400 000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін; Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын өнімнің көлемі мен түрлерін және дайындау ұйымдарының осы операцияны жүзеге асыру кезінде бюджеттен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындасын;

- ұлттық, көркемсуретті, дәйекті-деректі, балалар, мультипликациялық фильмдер шығаруға 8 900 мың теңге ;

- мемлекет мұқтажы есебінен басқа да өнімдер мен қызметтер сатып алуға жалпы сомасы 536 006 мың теңге ;

б/ мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының ауылшаруашылық түліктерінің табынын сауықтыру үшін 13 760 мың теңге сомасында қаржы;

в/ шаруа қожалықтарын қолдау және дамыту үшін 1 100 мың теңге сомасында қ а р ж ы ;

г/ шығындарды жабуға 79 564 мың теңге сомасында қаржы;

д/ министрліктердің әлеуметтік сала мекемелерін ұстау жөніндегі шығындарын жабуға және материалдық-техникалық базаны дамытуға 102 035 мың теңге сомасында

қ а р ж ы ;

е/ қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялауға 20 000 мың теңге сомасында қаржы;

ж/ жаңа тұрғын үй саясаты бойынша шараларды жүзеге асыру үшін жалпы сомасы
497 000 мың күрделі қаржы, оның ішінде:

- мемлекеттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға 319 200 мың теңге сомасында
к ү р д е л і қ а р ж ы ;

- тұрғын үй алу кезегінде 10 жыл және одан да ұзақ тұрған кезектегі адамдарға
оның құнының 20 проценті мөлшерінде берілетін 72 000 мың теңге сомасында дотация;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 10 сәуірдегі N 715
Жарлығына сәйкес халыққа тұрғын үй шараларына қажет ұзақ мерзімді жеңілдік
несиелер үшін бұдан бұрын бөлінген кредит ресурстарын Қазақстан Республикасы
Халықтық банкінен және басқа банкілерден сатып алуға 25 900 мың теңге көзделсін,
одан 1994 жылы 4 000 мың теңге жаңадан құрылған Тұрғын үй құрылысы банкінің
Жарғылық қорын көбейтуге жатқызылсын;

- тұрғын үй саласын қаржыландыруға кредит ресурстары ретінде Тұрғын үй
құрылысы банкіне мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынатын қаражаттың
есебінен түсетін соманың 20 проценті шеңберінде 80 000 мың теңге беру көзделсін.

Сонымен бірге жаңадан құрылған Тұрғын үй құрылысы банкінің Жарғылық қорын
құруға Экономиканы өзгерту қоры қаражатының есебінен 20 000 мың теңге жұмсалады

з/ Қазақстан Республикасындағы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің
Ұлттық бағдарламасының II кезеңін жүзеге асыруға мемлекеттік мүлікті
жекешелендіруден түсетін түсімнің есебінен алынатын соманың 25 проценті
шеңберінде 100 000 мың теңге ;

**Ескерту. 13-тармақтың 1 абзацына өзгеріс енгізілді және "и" тармақшасы
алынып тасталды - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.**

14. Республикалық бюджетте нан және нан-тоқаш тағамдары, тары, ақжарма, піскен
нан орнына сатылатын ұн және құрамажем бағасының айырмасын өтеу жөніндегі 1993
жылдың берешегін төлеу үшін 80 000 мың теңге мөлшерде қаржы көзделсін.

15. 1994 жылы мемлекеттік ресурстарын бөлінген астықтан өндірілетін нан және
нан-тоқаш тағамдары, тары, ақжарма, піскен нан орнына сатылатын ұн және
мемлекеттік ресурстардан бөлінген астықтан өндірілетін құрамажем бағасын реттеп
отыру сақталып, осы мақсаттарға 810 000 мың теңге көзделсін.

16. Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға бөлінетін қаржы 3 239 890 мың
теңге мөлшерінде бекітіліп, ол былай жұмсалсын:

/ м ы ң т е ң г е /

а/ білім алуға және кадрларды
кәсіптік тұрғыда даярлауға 1 435 012

б/ мәдениет пен өнерге	348	305
в/ бұқаралық ақпарат құралдарына	492	145
г/ денсаулық сақтауға	600	473
д/ дене тәрбиесіне	104	101
е/ әлеуметтік қамсыздандыруға	259	554
ж/ жастар саясатын жүргізу жөніндегі шараларға		300

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

17. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттар стипендиясының мөлшері айына ғылыми атағы жоқ кіші ғылыми қызметкер жалақысының ставкасы деңгейінде, жоғары оқу орындарының студенттеріне - ең төменгі еңбек ақының 80 проценті, ал арнаулы орта оқу орындары мен оқу мерзімі 10 айға дейінгі кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына - 70 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына мемлекеттік стипендиялар олардың оқу үлгерімі ескеріле отырып тағайындалсын.

18. 1993/1994 оқу жылының соңына дейін жалпы білім беретін мектептердің 1-4 класс оқушыларына бір күнге бір оқушының тамақтануына жұмсалатын шығындардың ішінара өтемақысы айлық ең төменгі еңбекақы мөлшерінің 5 проценті көлемінде белгіленсін.

19. 1994/1995 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептерде мектеп оқулықтары тек табысы аз және көп балалы отбасыларындағы оқушыларға ғана тегін берілетін болсын.

20. 1994 жылға республиканың күндіз оқытатын жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басқа жерден келген студенттері мен оқушылары, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары үшін каникул кезінде мемлекеттік темір жол көлігінде /жылына 2 рет барып-келу/ жеңілдікпен жүруі тиісті оқу орындарының қаражаты есебінен 50 процент мөлшерінде сақталсын.

21. 1994 жылғы 1 ақпаннан бастап жалақының ең төменгі мөлшері 40 теңге сомасында белгіленсін.

Жасына байланысты берілетін зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төменгі еңбекақы деңгейінде белгіленсін.

22. 1994 жылдың 1 ақпанынан бастап тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты дәулеті төмен жұмыс істемейтін зейнеткерлерге заңды түрде белгіленген айлық ең төменгі еңбекақының проценттік көлемінде мынадай мөлшерде ай сайын ақшалай өтемақы төлеу көзделсін.

- жасына, мүгедектігіне, қызмет өткерген жылдарына байланысты толық еңбек

зейнетақысын алушыларға, сондай-ақ мүгедектігіне байланысты зейнетақы алатын мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне - 60 процент;

- толық емес еңбек стажы жағдайында еңбек зейнетақысын, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алушыларға - 40 процент;

- әлеуметтік зейнетақы алушыларға - 20 процент.

Осы аталған төлемдер осының алдындағы тоқсанда әр айға орташа есеппен шаққанда заңды түрде белгіленген ең төменгі жалақының 2 еселенген көлемінен аспайтын мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлерге тиісті бюджеттер қаражаты е с е б і н е н т ө л е н с і н .

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті өтемақылар төлеу тәртібін айқындасын.

23. Қазақстан Республикасында әлеуметтік жеңілдіктер берудің қазір қолданылып жүрген жүйесінің тиімсіздігін ескере отырып, 1994 жылдың 1 сәуірінен бастап бұдан бұрын қолданылып келген атаулы әлеуметтік жеңілдіктер беру тетігінің орнына жаңа тетігі енгізіліп, онда 1 топтағы мүгедектерге - 2,3 мөлшерінде, 2 топтың мүгедектеріне - 2,2 қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына 2,0; 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге - 1,8; наградаларының санына қарай көп балалы аналарға - 1,3-тен 2,0-ге дейін; Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік еңбегі үшін наградталған адамдарға және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, арнаулы әскери құрамалардың әскери қызметшілеріне /шақыру бойынша қызмет өткеріп жүргендерден басқалары/, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, сондай-ақ жасына, денсаулығына немесе штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен, ішкі істер органдарынан босатылған, 20 жыл және одан да көп қызмет өткерген адамдарға - 1,0 мөлшерінде ай сайын ақшалай өтемақы төлеу к ө з д е л с і н .

Атаулы әлеуметтік жеңілдіктер берудің жаңа тетігі бұдан бұрын енгізілген әлеуметтік жеңілдіктердің күші 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін тоқтайтыны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ақшалай өтемақы төлеудің тәртібі мен шарттарын айқындасын.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.18. N 1668, 1994.04.12. N 1652, 1994.04.18. N 1675 жарлықтарымен.

24. "Азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына сәйкес зейнетақылар төлеу Зейнетақы қорының қаражаты есебінен, бала туғанда ең төменгі еңбекақының төрт еселенген көлемі мөлшерінде берілетін біржолғы жәрдемақыны және кісі жерлеуге ең төменгі еңбекақының он еселенген көлемі мөлшерінде берілетін біржолғы жәрдемақыны төлеу Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүргізілетін болып белгіленсін.

25. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап балалы отбасыларға берілетін ай сайынғы жәрдемақы ең төменгі айлық еңбекақының мынадай проценттері көлемінде белгіленсін

:

- мына жастағы балаларға берілетін бірыңғай жәрдемақылар:
 - 6 жасқа дейін - 80 процент;
 - 6 жастан 18 жасқа дейін - 80 процент;
- мына жастағы балалары бар жалғызілікті аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар:
 - 6 жасқа дейін - 50 процент,
 - 6 жастан 18 жасқа дейін - 60 процент;
- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақылар - 80 процент;
- адамның жұқтырылған иммунодефицитінің вирусын жұқтырған немесе СПИД-пен ауыратын балаларға берілетін жәрдемақылар - 80 процент.

Бұл төлемдер тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен төленсін.

26. Республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға бөлінетін қаражат 832 098 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

27. Республикалық бюджетте мемлекеттік өкімет, мемлекеттік басқару, сот органдары мен прокуратураны ұстауға бөлінетін қаражат 1 558 557 мың теңге мөлшерінде бекітілсін, оның ішінде:

/ мың теңге /

а/ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 48 618

б/ Қазақстан Республикасы Президенті мен

Министрлер Кабинетінің аппараты 40 731

в/ Республикалық атқарушы-өкімші органдар 1 176 247

г/ Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты 26 202

д/ Қазақстан Республикасы Конституциялық соты 4 630

е/ Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық соттары 2 8 5 5 3

ж/ Қазақстан Республикасы халық соттары 98 464

з/ Қазақстан Республикасы төрелік соттары 24 039

и/ Қазақстан Республикасы прокуратуралары 111 073

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай ішінде министрліктер мен ведомстволар бойынша шығыстардың аталып бөлінуін бекітсін.

28. Республикалық бюджетте мыналарға бөлінген қаржы былай белгіленсін:

- құқық қорғау органдарын ұстауға - 1 879 926 мың теңге;

- қорғанысқа - 3 602 311 мың теңге;

- басқа шығыстар - 288 970 мың теңге;

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен жергілікті өкілді органдарының

сайлауын өткізуге - 70 000 мың теңге.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай ішінде министрліктер мен ведомстволар бойынша шығыстардың шекті сомаларын бекітсін.

29. Мынадай шығыстарға:

- Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемы бойынша ұтыстарды төлеу мен ол бойынша ұтыс тираждарын өткізуге 1 000 мың теңге;

- Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі заемін өтеу және ол бойынша кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға табыс төлеуге 1 216 мың теңге мөлшерінде қаржы бөлу белгіленсін.

30. Үкіметтің Қазақстан Республикасы Халық банкі алдындағы 1993 жылғы берешегін өтеу үшін 1990 жылғы КСРО Мемлекеттік нысаналы процентсіз заемның облигацияларын сатып алуға 9 796 мың теңге сомасында қаржы көзделсін.

31. КСР Одағы тарағанға дейін КСРО Мемлекеттік банкіне берілген 1991 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Халық банкінің ресурстары және жалпы сомасы 42 536 мың теңге 40 проценттік өтемақы қаражаты өтелсін.

Халықтың Қазақстан Республикасы Халықтық банкінің мекемелеріндегі салымдары бойынша құнсызданудан болған шығындарының бір жолғы өтемақысын төлеу 1992 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша олардың қалдықтарын салымның алғашқы 1000 сомын 50 есе мөлшерде көбейту арқылы жүргізілсін. Осы мақсаттарға жұмсалатын шығындар республикалық бюджетте 850 000 мың теңге сомасында көзделсін.

1994 жылы Қазақстан Республикасы Халықтық банкі пайдадан салық төлеуден және әлеуметтік сақтандыру қорына қаржы аударуды қоспағанда жалпы мемлекеттік мақсатты қорларға қаржы аударудан босатылсын.

32. Бала туғанда жас жұбайларға берілген процентсіз несиеге қызмет көрсетуге байланысты банктердің шығынын өтеуге республикалық бюджетте 8 000 мың теңге сомасында қаржы бөлу ескерілсін.

33. Үкіметтің мына бағыттардағы сыртқы экономикалық қызметіне байланысты:

- сыртқы қарызды өтеу;

- халықаралық ұйымдарға жарналар төлеу;

- импорт бойынша бірінші қажеттегі тауарлар сатып алу;

- шет елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктерін ұстау;

- елшіліктердің ғимараттары мен резиденциялар сатып алу;

- шетелдік іссапарлар;

- Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясын, Алматы қаласының спорт кешенін және аэропортының ұшу-қону алаңын

салу және қайта құру;

- республиканың басқа кезек күттірмес қажеттері үшін шығыстарын қаржыландыруға шет ел валютасын сатып алуға республикалық бюджетте 5877 720 мың теңге сомасында қаржы көзделсін:

Министрлер Кабинеті сатып алатын шет ел валютасының пайдаланылуына нысаналы сипаты мен тиімділігіне бақылау күшейтілсін.

34. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап республиканың орталықтандырылған қаражаты мен шет ел кредиттері есебінен Денсаулық сақтау министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары импорт бойынша сатып алатын дәрі-дәрмектер еркін нарықтық бағамен сатылатын болып белгіленсін.

35. Республикалық бюджетте 150 000 мың теңге, оның ішінде төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 43 000 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қоры ескерілсін.

36. 1994 жылы мына облыстар мен Ленинск қаласының бюджеттеріне 965 739 мың теңге мөлшерінде субвенция бөлінсін, оның ішінде:

	/ мың теңге /
- Алматы	2 4 1 8 0 9
- Қызылорда	3 0 8 2 9 8
- Семей	1 5 2 5 9 8
- Талдықорған	1 6 4 1 0 3
- Торғай	4 2 1 2 8
- Ленинск қаласы	5 6 8 0 3

37. 1994 жылдың аяғына республикалық бюджет бойынша айналымдағы кассалық қолма-қол ақша 16 000 мың теңге сомасында белгіленсін.

38. Республикалық бюджетте:

- "Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау туралы" КСРО Заңын жүзеге асыруға 2 000 мың теңге және Мемлекетаралық ұйымдарды ұстауға 32 571 мың теңге;

- "Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468 Заңына сәйкес 1993 жылдың ІҮ тоқсанында төленген нақты төлемдер бойынша берешекті өтеуге 18 000 мың теңге және "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 2143 Заңына сәйкес 7 000 мың теңге қаржы бөлу көзделсін.

39. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі:

- осы Жарлық және жергілікті әкімдердің тиісті шешімдері арқылы белгіленген нормативтер бойынша меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, оның ішінде шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың пайдасына салынатын салық сомалары;

- жергілікті әкімдер белгілейтін нормативтер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шет ел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығының сомалары тиісті бюджеттердің шоттарына дер кезінде есептелуін қамтамасыз етсін.

40. Республикалық бюджеттің тапшылығын жабуға 1993 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің несиелері бойынша 859 255 мың теңге сомасында алынған берешек және жекешелендірілген мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының қайтарыммен қамтамасыз етілмеген 28 128 мың теңге сомасындағы несиелік берешегі мемлекеттік ішкі қарыз есебіне есептен шығарылсын.

41. Республикалық бюджетте 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық банкіге Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі қарызын өтеу жөніндегі жалпы сомасы 964 577 мың теңге шығыстар бекітілсін, оның ішінде:

		/ мың теңге /
берілген	Республикалық бюджеттің тапшылығын жабуға Ұлттық банкінің кредиті бойынша:	
	- 1991 жылғы	18 000
1992	жылғы	31 277
1993	жылғы	859 254
	- ауылшаруашылық өнімі бағасының айырмасын өтеу және сатып алу бағаларына сараланған үстеме төлемдер жөніндегі бюджет берешегін есептеп шығару	8 348
	- колхоздардың, совхоздардың және су шаруашылығы ұйымдарының банкінің ұзақ мерзімді несиелері бойынша берешегін есептен шығару	8 000
	- колхоздар мен совхоздардың банк несиелері жөнінен борышын есептен шығару	5 418
	- ауылшаруашылық өнімінің және жеңіл өнеркәсіпке қажет шикізаттың бағасындағы айырманы өтеу жөнінде сатып алу бағаларына сараланған үстемелер төлеу жөніндегі берешекті есептен шығару	1 686
	- "Қазастықөнім" концернінің дәнді дақылдар бағасындағы айырманы өтеу жөніндегі берешегін есептен шығару	4 466
	- қайтарыммен қамтамасыз етілмеген жекешелендірілген мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының несиелік берешегі	28 128

42. 1994 жылға арналған республикалық бюджеттің жалпы сомасы 7 812 121 мың теңге болатын тапшылығы мына көздердің есебінен қаржыландырылатын болып белгіленсін:
/ мың теңге /

- қалпына келтіру заемы бойынша валюта сату	- 3 638 121;
- мемлекеттік бағалы қағаздар өткізу	- 1 240 000;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің кредит ресурстары	- 2 934 000.

43. 1994 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Үкіметтің ішкі қарызына қызмет көрсетеді және республикалық бюджеттің тапшылығын жабуға кредит береді, сондай-ақ бос бюджет қаражатын Қаржы министрлігімен жасалатын шартқа сәйкес кредит ресурстары ретінде пайдаланады деп белгіленсін.

44. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын, сондай-ақ бұдан бұрын қабылданған шешімдерді оған сәйкес келтірсін.

45. "1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясының қарауына енгізілсін.

46. Осы Жарлықтың Заң күші бар, ол 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі және жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі "1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын қабылдағанға дейін қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің
"1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы"

1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1529

Ж а р л ы ғ ы н а

Қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1994 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТІ

КІРІС

/мың теңге/

I. Бөлім: Республикалық бюджет

Қосылған құнға салынатын салық

4031205

А к ц и з	9 1 7 1 8 7
Кәсіпорындардың бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық	5987538
Бюджет кірісіне берілетін Ұлттық банкінің пайдасы	3000000
о н ы ң і ш і н д е :	
- 1993 жылғы пайданы аудару	500000
- 1994 жылғы пайданы аудару	2500000
Алымдар мен салық салынбайтын әртүрлі табыстар	210000
Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың табысына салынатын салық	5890
Ренталық /тіркелген/ төлемдер	41849
Ж е р с а л ы ғ ы	3 4 0 0
Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық	2 0 0 0
Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	400000
1994 жылғы егіннің астығын және басқа да ауылшаруашылық дақылдарын сатудан түсетін қаражат	1400000
ТМД Республикаларының мемлекеттік кредиттер мен солар бойынша проценттерді өтеуі жөніндегі табыстар	3 9 5 1 0
Қайтарымды негізде Экономиканы өзгерту қорынан бөлінген қаражаттың келіп түсуі	2000
Жеке тұлғалар арасында орналастырылатын Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік Ішкі ұтыс заемының қазынашылық бондарын өткізуден түсетін қ а р а ж а т	2 0 0 0
Қысқа мерзімді қазынашылық вексельдерді аукционда сатудан түсетін қаражат	30000
Лотереялар өткізуден түсетін қаражат	1000
Шығындарды жабуға жұмсалатын жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары	216500

Бюджет бойынша Кіріс жиыны 16290079

II Бөлім: Мақсатты қаржыландыру қорлары

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры	868124
- Экономиканы өзгерту қоры	4935600
- Ж о л қ о р ы	3 2 7 3 9 6 5
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры	407160

- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры	274806
- Зейнетақы қоры	9477000
- Табиғат қорғау қоры	2231
Мақсатты қаржыландыру қорлары бойынша	19238886

К і р і с ж и ы н ы

Ескерту: өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12 N 1652 жарлығымен.

III. Бөлім: Сыртқы экономикалық қызмет

- Экспорттық баж салығы	2967720
- Импорттық /кедендік/ баж салығы	270000
- Кедендік рәсімдер	300000
- Импорт бойынша сатып алынатын азық-түліктер мен дәрі-дәрмектерді мемлекеттің сатуынан түсетін қаражат	180000
Сыртқы экономикалық қызмет бойынша Кіріс жиыны	3717720

Кіріс барлығы 39246685

Ескерту: өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

ШЫҒЫС

I. Бөлім: Республикалық бюджет

Халық шаруашылығын қаржыландыру	6758456
Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыру	3239890
Ғылымды қаржыландыру	832098
Мемлекеттік өкімет органдарын, сот органдарын және прокуратураны ұстауға жұмсалатын шығындар	382310
о н ы ң і ш і н д е :	
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі	48618
- Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты	40731
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты	26202
- Қазақстан Республикасының Конституциялық соты	4630
- Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық соттары	28553
- Қазақстан Республикасының халық соттары	98464

- Қазақстан Республикасының төрелік соттары	24039
- Қазақстан Республикасының прокуратуралары	111073
Қорғанысқа жұмсалатын шығыстар	3802311
Құқық қорғау органдарын ұстауға жұмсалатын шығыстар	1879926
Мемлекеттік өкіметтің республикалық және жергілікті атқарушы-өкімші органдары мен мемлекеттік басқару органдарын ұстауға жұмсалатын шығыстар	1176247
Резервтік қорлар	150000
Нан мен құрамажем бағасының айырмасын өтеуге төленетін төлемдер	890100
Басқа шығыстар	288970
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен жергілікті өкілді органдарының сайлауын өткізуге жұмсалатын шығыстар	70000
Мемлекеттік Ішкі қарызға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар	2246221
Бала туғанда жас жұбайларға берілетін процентсіз банк несиелеріне қызмет көрсетуге байланысты шығыстар	8000
Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі шығыстар	2000
Мемлекетаралық ұйымдарға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар	32571
Үкіметтің 1993 жылы жұмсалған шығыстары жөніндегі берешегін өтеу	25000
Жергілікті бюджеттерге субвенциялар	965739
Республикалық бюджет бойынша шығыс жиыны	22542858

Ескерту: өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

II. Бөлім: Мақсатты қаржыландыру қорлары

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры	868124
- Экономиканы өзгерту қоры оның ішінде жаңадан құрылған Тұрғын үй құрылыс банкінің Жарғылық қорын құруға	20000
- Жол қоры	2611616
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры	317350

- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры	219823
- Зейнетақы қоры	9477000
- Табиғат қорғау қоры	1725
Мақсатты қаржыландыру қорлары бойынша	
Шығыс жиыны	18431238

Ескерту: өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.

III. Бөлім: Сыртқы экономикалық қызмет

Сыртқы экономикалық қызметпен байланысты шығыстар	5877720
Шығыс барлығы	
-----	47058806
Бюджет тапшылығының жалпы сомасы	7812121
1994 жылдың аяғына қарай айналымдық	
кассалық қолдағы ақша	16000

Ескерту: өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен.